

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

<b>Білім беру ұйымы</b> (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Қуралай» балабақшасы				
<b>Топ/сынып</b>	Кіші топ				
<b>Тобы, топтың реттік саны, атауы</b>	Балапан				
<b>Балалардың жасы</b>	2 жасар балалар				
<b>Педагогтің аты-жөні</b>	Дюсюпова Динара				
<b>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</b>	01.05- 05.05.2023 ж.				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар,		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат

<p>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>		<p>балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").</p>	<p>жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p>бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.</p>
		<p><b>Ритмикалық жаттығу</b> Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.  Біз текшені жинаймыз,</p>	<p><b>«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау. Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету.</p>	<p><b>"Мозаика" үстел ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу,</p>

		<p>ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар Педагог балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады. <b>(сенсорика)</b></p>	<p>педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табакшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады. <b>(сенсорика)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> "Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады. 1. "Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2. "Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;</p>				

	<p>3. "Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.</p> <p>4. "Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;</p> <p>5. "Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);</p> <p>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);</p> <p>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),  Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),  Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).  Алақан су, су (саусақтарды қозғау),  Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),  Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).  Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Қатар-қатарға тұрайық,  Марш басайық!  Марш басайық!  Мінеки, қандай балалар!  Марш басады сарбаздар!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>		<p><b>Музыка</b></p> <p>"Отшашулар".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>"Солдаттармыз саптағы".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды еңіс</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>"Біз жас ұланбыз".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің</p>	<p><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Қорапшадағы мерекелік кәмпиттер".</p>

		<p>сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін</p>	<p>тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге жаттықтыру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларына машықтандыру; еңіс тақтай үстінде жүру кезінде өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік беру.</p>
--	--	---	--	--	--

		қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ереже сақтап ойнауға үйрету; қол мен саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ақырын және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; бейбітшілік туралы түсінік беру.			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>		<b>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды	<b>Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер.	<b>"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау". (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>	<b>Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер.

		<p>жапырақтардың желде шайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>- Жел бізбен ойнамақ, Оңға, солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылтындайды.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>- Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?</p> <p>- Иә, жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.</p> <p><i>"Туған елдің көктемі".</i></p> <p>Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпіркосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Бірзық дәні себілді.</p> <p>Ш. Мәмбетов</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға</p>	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.</p> <p>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар?</p> <p><i>"Күлімдеген дөңгелектер".</i></p> <p>Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер.</p> <p>Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен,</p> <p>Міне, күлімдеген сен.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды қарапайым еңбек</p>	<p>Балаларды аулада, учаскеде ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.</p> <p>- Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру;</p>
--	--	--	---	---	---

		<p>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Аралар" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог (аюдың рөлін де орындайды) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа</p>	<p>машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>- Күн шықты – балалар ойнады.</p> <p>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p>	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден белгі бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>- Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.</p> <p>Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты.</p> <p><b>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата</p>	<p>еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Балапандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>– Балалар, сендер "балапан" боласындар.</p> <p>Балапандар тауық қорада отырады.</p> <p>– Балапандарым, шығындар аулаға! Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.</p> <p>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп, жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қалай қағады?</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>қашып жатады. - Аю маймандап келеді, Балды алғысы келеді.</p> <p>Ай-ай-ай, аю, байқа! Аралар жан-жақта! "Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады, Мұрынды шағады. <b>"Аюдың орманында"</b> <b>қимылды жаттығу.</b> <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.</p>		<p>білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Көрсетіндерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар. Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. – Балапандар! Өне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріндер қораға! Шақырулар айтылып жатқанда дауысты ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отыратын болады. <b>"Көлшіктен өт"</b> <b>қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу</p>
--	--	---	--	--	--

<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b>  Сылдырлайды мөлдір су,  Мөлдір суға қолыңды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.  <i>Көркем сөз</i>  Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),  Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұғу),  Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).  Алақан су, су (саусақтарды қозғау),  Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),  Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.</p>
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Ұйқыашар жаттығулары.</b>  Керует жанындағы жаттығулар  "Құстар"  1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».  2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.  3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.  4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>

<p><b>Бесін ас</b></p>	<p><b>"Қолды қалай дұрыс жуу керек».</b>          Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру.          Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>		<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b>          "Отшашулар (Салют)".          Мақсат-міндеттер.          Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелік отшашуларды педагогтың көрсетуімен және өз елестетуі бойынша салуға жаттықтыру; мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b>          "Аспаптар қалай дыбыстайды?"          Мақсат-міндеттер.          Балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге дағдыландыру.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b>          "Қызғалдақ".          Мақсат-міндеттер.          Балалардың алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемнің табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру.</p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b>          "Мерекелік шеппектер".          Мақсат-міндеттер.          Балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып, илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; балаларға өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, тілі мен есте сақтауын дамыту; балаларды өздерінің</p>

					еңбек нәтижелерін бағалауға және нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>		<p><b>"Қандай пішіндер жасырынды?"</b>  <b>дамытушы жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.  Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.  - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.  Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына</p>	<p><b>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.  Педагог балаларды жанына шақырады.  - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік.  Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды!  (шапалақтап, сосын отыру)</p>	<p><b>"Ғажайып дорба"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру.  Шарты. Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу.  Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.  <b>(сенсорика, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Сылдырмақ"</b>  <b>тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.  Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді.  Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады.  Сылдырмақты соқпақ,</p>

		жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. <b>(сенсорика)</b>	Пшшшшшшшш ... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>		Қолға алдық "тоқтақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</b> Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. <b>(музыка)</b> Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз				

	<p>тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. <b>(сенсорика)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кенес)</p>	<p>Өңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті".</p>

Тексерген Оразғалиева Г.Б.

